



"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне бағалы қағаздар рыногы және акционерлік қоғамдардың мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 5 қараша N 1399

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне бағалы қағаздар рыногы және акционерлік қоғамдардың мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне бағалы қағаздар рыногы және акционерлік қоғамдардың мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы"
Қазақстан Республикасының Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық

К941000_

кодексіне (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1994 ж., N 23-24 (қосымша); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-бап; Қазақстан Республикасы Парламентінің Ведомостары, 1996 ж. N 2, 187-құжат; N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 5, 55-құжат; N 12, 183, 184-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., N 2-3, 23-құжат; N

5-6, 50-құжат; N 11-12, 178-құжат; N 17-18, 224, 225-құжаттар; N 23,

429-құжат; 1999 ж., N 20, 727, 731-құжаттар; N 23, 916-құжат; 2000 ж., N 18, 335-құжат; 2000 ж., N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52-құжат; N 17-18, 240-құжат):

1) 40-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Заңды тұлғаның құрылтайшылары оның құрылтайшылары болып табылмайтын осы заңды тұлғаның басқа қатысушыларының алдында заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда қандай да болмасын артықшылықтарға ие бола а л м а й д ы . " ;

2) 4 1 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші азатжолы мынадай мазмұнда жазылсын:

"1. Егер осы Кодексте және заң актілерінде өзгеше көзделмесе, заңды тұлға жарғының және осы заңды тұлғаны құру туралы шарттың (құрылтай шартының) немесе осы заңды тұлғаны бір тұлға құрса жарғының және жазбаша түрде ресімделген осы тұлғаның осы заңды тұлғаның құру туралы шешімінің негізінде құрылады және өзінің қызметін жүзеге асырады. Коммерциялық ұйым болып табылмайтын заңды тұлға заң актілерінде көзделген жағдайларда осы түрдегі ұйымдар туралы жалпы ережелердің негізінде іс-әрекет жасай алады.";

мынадай мазмұнды 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Жалғыз құрылтайшының заңды тұлғаны құру туралы шешімінің мазмұнында заңды тұлғаны құру туралы, заңды тұлғаның тіркеу жөніндегі іс-әрекеттерді жүзеге асыратын тұлғаларды тағайындау туралы шешім, мүлікті меншікке өткізіп берудің (шаруашылық жүргізу, жедел басқару) шарттары және Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де нормалар болу керек.

Егер заңды тұлғаның жалғыз құрылтайшысы басқа заңды тұлға болып табылса, онда осы заңды тұлғаны құру туралы шешімді заңға немесе оған (оларға) берілген өкілеттіктерге сәйкес осындай шешім қабылдауға құқықты иеленген құрылтайшы - заңды тұлғаның органы, лауазымды тұлғасы (лауазымды

тұлғалары) немесе қызметкері (қызметкерлері) қабылдайды.";

3) 42-бапта:

6-тармақта:

1) тармақшадағы "және акционерлік қоғамның жарияланған жарғылық капиталы" деген сөздер алып тасталсын;

3) тармақшадағы "және жабық акционерлік қоғамдардың" деген сөздер алып тасталсын;

4) 58-баптың 9-тармағы алып тасталсын;

5) 77-баптың 2-тармағының бірінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жауапкершілігі шектеулі серіктестік қатысушыларының саны шектелмейді.";

6) 86-бап алып тасталсын;

7) 87 және 88-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"87-бап. Акционерлік қоғамның құрылтай құжаттары

1. Құрылтай шарты (жалғыз тұлғаның акционерлік қоғамды құру туралы шешімі) және жарғы акционерлік қоғамның құрылтай құжаттары болып табылады.

Акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарының мазмұнында осы Кодексте

және өзге де заң актілерінде айқындалған мәліметтер болу керек.

Акционерлік қоғамның құрылтай құжаттары нотариалдық куәландыруға жатады.

2. Жарияланған акциялар шығарылымы мемлекеттік тіркелген күннен бастап акционерлік қоғамды құру туралы құрылтай шартын (жалғыз құрылтайшының шешімін) қолдану тоқтатылады.

3. Акционерлік қоғамның жарғысын бекітудің ерекшелігі заң актілерімен белгіленеді.

88-бап. Акционерлік қоғамның жарғылық капиталы

Акционерлік қоғамның жарғылық капиталын қалыптастыру және өзгерту тәртібі заң актілерімен айқындалады.";

8) 89 және 90 баптар алып тасталсын;

9) 91-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жарияланған акциялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеудің және оларды орналастырудың ерекшеліктері бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарда айқындалады."
;"

3-тармақтағы "қоғамның белгілі бір мүлкі" деген сөздер "мүлкі" деген сөзбен ауыстырылсын ;

4-тармақтағы "эмиссиясының (шығарылым шарттарының)" деген сөздер "шығарылымының" деген сөзбен ауыстырылсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

" 5. Акционерлік қоғам:

1) өз капиталының кері мөлшері болған кезде немесе қоғамның өз

капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде

кері болса;

2) егер онда Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңдарына сәйкес төлем қабілетсіздік немесе дәрменсіздік белгілері болса не аталған белгілер қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер төлеудің нәтижесінде пайда болса;

3) егер сот немесе қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы оны тарату туралы шешім қабылдаса, қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төлеуге құқылы емес.

Заң актілерінде акционерлік қоғамдарға акциялар бойынша дивидендтер төлеуге тыйым салынатын өзге де негіздер көзделуі мүмкін.";

10) 92-бапта:

4-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

6-тармақтың бірінші бөлігі алып тасталсын;

8-тармақ алып тасталсын;

11) 93-баптың 2-тармағындағы "жауапкершілігі шектеулі серіктестік" деген сөздер "шаруашылық серіктестігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 94-баптың 1-тармағындағы "(шығарылған жарғылық капитал)" деген сөздер алып тасталсын;

13) 110-баптың 1-тармағы мынадай мазмұнды екінші азатжолмен толықтырылсын:

"Қаржы рыногында қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғалардың қауымдастығын құрудың және оларға қатысудың ерекшелігі заң актілерінде белгіленеді.";

14) 129 және 130 баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"129-бап. Бағалы қағаздар

1. Бағалы қағаз - белгілі бір жазбалардың және мүліктік құқықтарды куәландыратын басқа да белгілердің жиынтығы.

2. Бағалы қағаздарға акциялар, облигациялар және бағалы қағаздардың осы Кодексте және өзге де заң актілерінде айқындалған өзге де түрлері жатады.

3. Бағалы қағаздар шығарылу нысаны бойынша:

1) құжаттандырылған және құжатсыздандырылған;

2) эмиссиялық және эмиссиялық емес;

3) атаулы, ұсынушыға арналған және ордерлік бағалы қағаздарға бөлінеді.

4. Құжаттандырылған бағалы қағаздар - құжаттандырылған нысанда (қағаз немесе бағалы қағаздың мазмұнын арнайы техникалық құралдарды пайдаланусыз тікелей

көріп оқу мүмкіндігімен өзге де заттық тасымалдағышта) шығарылған бағалы қағаздар.

Құжатсыздандырылған бағалы қағаздар - құжатсыздандырылған нысанда (электрондық жазбалар жиынтығы түрінде) шығарылған бағалы қағаздар.

5. Эмиссиялық бағалы қағаздар - :

1) бір шығарылымның шегінде біртекті сипаттарға ие болатын (олардың жекелеген түрлерге және санаттарға бөліну мүмкіндігін ескерумен);

2) осы шығарылымның барлық қағаздары үшін бірдей шарттарда шығарылатын, айналыста болатын және өтелетін (егер бағалы қағаздардың осы түрі олардың өтелуін көздесе) (олардың жекелеген түрлерге және санаттарға бөліну мүмкіндігін ескерумен);

3) олардың әрқайсысы осы шығарылымның басқа бағалы қағаздарымен салыстыру бойынша мүлктік құқықтардың тең көлемін куәландыратын (олардың жекелеген түрлерге және санаттарға бөліну мүмкіндігін ескерумен) бағалы қағаздар.

Эмиссиялық емес бағалы қағаздар - осы тармақтың 1)-3) тармақшаларында көрсетілген белгілерге сәйкес келмейтін бағалы қағаздар.

6. Атаулы бағалы қағаз - ол куәландырған құқықтардың онда аталған тұлғаға тиесілігін растайтын бағалы қағаз.

Ұсынушыға арналған бағалы қағаз - ол куәландырған құқықтардың бағалы қағазды ұсынушыға тиесілігін растайтын бағалы қағаз.

Ордерлік бағалы қағаз - онымен куәландыратын құқықтардың онда аталған тұлғаға, ал ол аталған құқықтарды осы Кодекстің 132-бабының 3-тармағында көзделген тәртіпте өткізіп берген жағдайда басқа тұлғаға тиесілігін растайтын бағалы қағаз.

7. Осы Кодексте және заң актілерінде қандай да болмасын бағалы қағаздардың белгілі бір түрін шығару мүмкіндігі алып тасталуы мүмкін.

130-бап. Бағалы қағазға құқықтарды растау

1. Құжаттандырылған бағалы қағазға құқықты растау бағалы қағаздың өзі болып табылады. Бағалы қағаздар рыногының тиісті лицензияға сәйкес бағалы қағаздарды сақтауға уәкілеттілік берілген кәсіпқой қатысушыға құжаттандырылған бағалы қағаз өткізіліп берген жағдайда оны есепке алу мақсатында осы кәсіпқой қатысушы ашқан шоттан үзінді-көшірме осы бағалы қағазға құқықты растау болып табылады. Құжаттандырылған бағалы қағаздың және аталған шоттан берілген үзінді-көшірменің арасында алшақтық болған кезде үзінді-көшірме басымды болады.

2. Берілген лицензияға сәйкес бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеуге уәкілетті бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушысында бағалы қағазды есепке алу мақсатында ашылған шоттан үзінді-көшірме құжаттандырылған бағалы қағазға құқықты растау болып табылады.

3. Бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушының бағалы қағаздарға есеп жүргізуге арналған шоттарды ашу және жүргізу тәртібі, сондай-ақ осындай шоттардан берілетін үзінді-көшірмелердің мазмұнына және ресімделуіне қойылатын талаптар

з а н д а р д а

а й қ ы н д а л а д ы . " ;

1 5) 1 3 2 - б а п т а :

2-тармағының екінші бөлігі алып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқықтарды өткізіп беру және олар бойынша құқықтарды растау тәртібі заң актілерінде айқындалады.";

1 6) 1 3 5 - б а п а л ы п т а с т а л с ы н ;

17) 136-бап мынадай редакцияда жазылсын:

" 1 3 6 - б а п . О б л и г а ц и я

1. Облигация - оны шығару кезінде алдын-ала белгіленген айналыс мерзімі бар, оны шығару шарттарына сәйкес облигацияны шығарған тұлғадан ақшалай немесе өзге де мүліктік балама түрде ол бойынша сыйақы және оның айналыс мерзімінің аяқталуы бойынша облигацияның атаулы құнын алу құқығын куәландыратын бағалы қағаз.

2. Облигациялар тек атаулы эмиссиялық бағалы қағаздар ретінде шығарылады.

3. Облигацияларды тек коммерциялық ұйымдар, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және жергілікті атқарушы органдар шығара алады .

4. Облигациялардың түрлері және оларды шығару тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.";

1 8) 1 3 9 - б а п м ы н а д а й р е д а к ц и я д а ж а з ы л с ы н :

" 1 3 9 - б а п . А к ц и я

1. Акция - акционерлік қоғам шығаратын және акционерінің акционерлік қоғам табысының бір бөлігін дивиденд түрінде алуға, қоғамның істерін басқаруға қатысуға және оның қоғам таратылғаннан кейін қалған мүлкінің бір бөлігін алуға құқықтары куәландырылатын бағалы қағаз.

2. Акциялар тек атаулы эмиссиялық бағалы қағаздар ретінде шығарылады.

3. Акциялардың түрлері және санаттары заң актілерінде белгіленеді. Акцияларды шығару тәртібі бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарда белгіленеді.

4. Акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған коммерциялық емес ұйымдар өз акциялары бойынша дивидендтер төлеуді жүзеге асырмайды.

5. Заң актілерінде өзінің әрекеттерімен немесе әрекетсіздігімен акционерлік қоғамның мүддесін бұзған акционерден сот шешімі бойынша акцияларды сатып алу мүмкіндігі көзделуі мүмкін .

Заң актілерінде банктердің және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының оларда заңда белгіленген тәртіппен есептелген өз капиталының кері мөлшері бар болған жағдайда акцияларды мәжбүрлеп сатып алу мүмкіндігі және негіздері көзделуі мүмкін ."

1 9) 1 5 6 - б а п т а :

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Биржалық мәмілелер - мән-мағынасы биржадағы айналысқа жіберілген мүлік болып табылатын және биржада ол өткізетін сауда-саттықта тиісті биржалар (тауарлық, қор және басқа) туралы заңдарға және биржалық сауда ережелеріне сәйкес қатысушылар жасайтын мәмілелер.

2. Биржалық мәмілелер осы мәмілелердің жасалғандығын растау ретінде биржа беретін құжаттармен ресімделеді.";

4-тармақтағы "биржалық жарғыларда" деген сөздер "биржалық сауда ережелерінде" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Мұнай туралы" 1995 жылғы 28 маусымдағы N 2350 U952350_ Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1995 ж., N 11, 76-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Ведомостары, 1997 ж., N 11, 150-құжат; 1999 ж., N 21, 787-құжат):

1-баптың отыз үшінші бөлігіндегі "жабық" деген сөз алып тасталсын.

3. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Z952444_ Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1995 ж., N 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Ведомостары, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 15, 281-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 58-құжат; N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 9, 86-құжат):

1) 8-баптың 2-тармағының а) тармақшасындағы "шығарылған" деген сөз " орналастырылған" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 1 2 - б а п т а :

1-тармақтағы "жабық" деген сөз алып тасталсын;

2 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

3-тармақтағы "ол ашық акционерлік қоғам болып қайта құрылғаннан кейін" деген сөздер алып тасталсын;

3) 14-баптың 2-тармағының үшінші азатжолындағы "атаулы құны" деген сөздер " орналастыру бағасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 16-баптың 4-тармағындағы "тек қана олардың атаулы құнынан төмен емес баға бойынша жүргізілуі мүмкін" деген сөздер "орналастыру бағасы бойынша жүргізіледі" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 22-баптың 1-тармағының а) тармақшасындағы "сомалық жарияланған", " жарияланған" деген сөздер алып тасталсын;

6) 26-баптың 2-тармағының б) тармақшасындағы "жарияланған" деген сөз алып т а с т а л с ы н ;

7) 3 0 - б а п т а :

2-тармақтың и) тармақшасы мынадай мазмұнда жазылсын:

"и) сенімгерлік операциялар: сенімгердің мүддесінде және тапсырмасы бойынша ақшаны және аффилиирленген бағалы металдарды басқару;"

4-тармақ мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) бағалы қағаздарды басқару;"

8) 31-баптың 2-тармағының бірінші бөлігіндегі және ж) тармақшасындағы "(жабық қоғамда осы орган болмаған жағдайда - акционерлердің жалпы жиналысында)" деген сөздер алып тасталсын;

9) 34-баптың 2-тармағындағы "(жабық қоғамда осы орган болмаған жағдайда - акционерлердің жалпы жиналысында)" деген сөздер алып тасталсын;

10) 40-баптың 7-тармағындағы "(жабық қоғамда осы орган болмаған жағдайда - акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша)" деген сөздер алып тасталсын;

11) 49-баптың 2-тармағының в) тармақшасындағы "жарияланған" деген сөз алып тасталсын;

12) 54-баптың 1-тармағының үшінші бөлігіндегі "(жабық қоғамда осы орган болмаған жағдайда - акционерлердің жалпы жиналысында)" деген сөздер алып тасталсын.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекешелендіру туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 U952721_ Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Ведомостары, 1995 ж., N 24, 163-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Ведомостары, 1997 ж., N 12, 189-құжат; 1999 ж., N 21, 786-құжат; N 23, 916 - құжат) :

1) 10-баптың 2-тармағындағы "эмиссия" деген сөз "шығарылым" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 12-баптың 2-тармағы "акционерлік қоғамға" деген сөздерден кейін "немесе шаруашылық серіктестікке" деген сөзбен толықтырылсын;

3) 16-баптың 1-тармағы "акционерлік қоғамға" деген сөздерден кейін "немесе шаруашылық серіктестікке" деген сөзбен толықтырылсын.

5. Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828 U962828_ Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Ведомостары, 1996 ж., N 2, 182-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат; N 21, 787-құжат):

1-баптың 27-1) тармағындағы "жабық" деген сөз алып тасталсын.

6. "Валюталық реттеу туралы" 1996 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Z960054_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Ведомостары, 1996 ж., N 20-21, 404-құжат; 1997 ж., N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 16, 219-құжат; 1999 ж., N 20, 722-құжат; 2000 ж., N 4, 23-құжат):

11-баптың 3-тармағындағы "Атаулы құны ұлттық немесе шетелдік валютада көрсетілген," деген сөздер алып тасталсын.

7. "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 1997 жылғы 5 наурыздағы Қазақстан Республикасының Z970077_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Ведомостары, 1997 ж., N 5, 52-құжат; N 12, 184-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 15-16, 238 - құжат) :

1) 2 - б а п т а :

екінші-тоғызыншы азатжолдар 1)-8) тармақшалар болып саналсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) бағалы қағаздар рыногы субъектісінің аффилиирленген тұлғасы - шешімді тікелей және (немесе) жанама айқындауға және (немесе) осы тұлғаның қабылдаған шешіміне, оның ішінде ауызша шартты қоса отырып, шарттың немесе өзге де мәміленің күшіне әсер етуге мүмкіндігі бар тұлға (өзіне берілген өкілеттік шегінде осы тұлғаның қызметін бақылауды жүзеге асыратын немесе оның қызметін реттейтін мемлекеттік органдарды қоспағанда, сондай-ақ осы тұлғаның сол жөнінде, осындай құқығы бар кез келген тұлға;" ;

3) тармақшадағы "делдал" деген сөз "кәсіпқой қатысушы" деген сөздермен ауыстырылсын ;

4) тармақшадағы "бұрын шығарылған" деген сөздер алып тасталсын;

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) бағалы қағаз ұстаушы - бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімдерін жүргізу жүйесінде тіркелген және осы бағалы қағазбен куәландырылған мүліктік құқықтарды иеленген тұлға;" ;

оныншы азатжол алып тасталсын;

он бірінші-отыз екінші азатжолдар 9)-30) тармақшалар болып саналсын;

9) тармақша "дилер -" деген сөзден кейін "бағалы қағаздардың

ұйымдасқан рыногында және бұқаралық ақпарат құралдарында баға кесуді жариялау арқылы" деген сөздермен толықтырылсын;

10) тармақшадағы "өз" деген сөз алып тасталсын;

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"11) институциональдық инвестор - өзі тартқан ақшаларды заңға сәйкес бағалы қағаздарға және өзге де қаржы құралдарына инвестициялайтын заңды тұлға;" ;

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) кастодиан - бағалы қағаздар бойынша құқықтарды белгілеу және есеп жүргізу құжаттандырылған бағалы қағаздарды сақтау және клиенттердің ақшаларына есеп жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын кәсіпқой қатысушы;" ;

16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"16) листинг - бағалы қағаздарды сауда-саттық ұйымдастырушының бағалы қағаздар тізіміне сауда-саттық ұйымдастырушының ережелерінде белгіленген тәртіпте енгізу;"

17) тармақшадағы "бір эмиссияның" деген сөздер алып тасталсын;

19) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"облигацияның атаулы құны - облигация құнының оны шығару кезінде айқындалған ақшалай көрінісі;"

24) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"24) бағалы қағаздар портфелі - бағалы қағаздар рыногы субъектісінің меншігіндегі не сенімгерлік басқаруындағы әртүрлі бағалы қағаздардың және өзге де қаржы құралдарының жиынтығы;"

26) тармақшадағы "эмиссиясының" деген сөз "шығарылымының" деген сөзбен ауыстырылсын;

29) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"29) тіркеуші - бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімдерін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын кәсіпқой қатысушы;"

30) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"30) өзін-өзі реттейтін ұйым - бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асырудың бірыңғай қағидаларын (стандарттарын) әзірлеу және қабылдау мақсатында бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушылары құрған ұйым;"

отыз үшінші азатжол алып тасталсын;

отыз төртінші және отыз бесінші азатжолдар 31) және 32) тармақшалар болып саналсын;

32) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"32) бағалы қағаздар шығарылымының құрылымы - шығарылатын бағалы қағаздар, олардың түрі, сондай-ақ орналастыру бағалы (атаулы құны) туралы мәліметтер;"

мынадай мазмұндағы 33) тармақшамен толықтырылсын:

"33) трансфер-агент - бағалы қағаздар рыногында азаматтық-құқықтық мәмілелерді жүзеге асыру процесінде ақпарат (құжаттар) қабылдау және беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын кәсіби қатысушы;

отыз алтыншы азатжол 34) тармақша болып саналсын және мынадай редакцияда жазылсын:

"34) бағалы қағаздар портфелін басқарушы - бағалы қағаздарды, өзге де қаржы

құралдарын, сондай-ақ оларды сатып алуға арналған ақшаларды сенімгерлікпен басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын кәсіпқой қатысушы;"

мынадай мазмұндағы 35) тармақшамен толықтырылсын:

"35) қаржы құралы - тұтыну құны оны айналыс және (немесе) төлем құралы ретінде пайдалану мүмкіндігімен айқындалатын және ұлттық валютаға айырбасталу қабілеттілігін иеленген актив түрі;"

отыз жетінші - қырық бірінші азатжолдар 36) - 40) тармақшалар болып саналсын;

37) тармақшадағы "эмиссия" деген сөз "шығарылым" деген сөзбен, "эмиссияға" деген сөз "шығарылымға" деген сөзбен ауыстырылсын;

38) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"38) эмиссия - эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу және оларды орналастыру мақсатында жасайтын іс-әрекеті;"

2) 3-бап мынадай мазмұнды 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушылар уәкілетті орган белгілеген пруденциялық нормативтерді сақтауға міндетті. Пруденциялық нормативтердің құрамына бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушының жарғылық капиталының ең төменгі мөлшері, өз капиталының жеткіліктілік коэффициенті, сондай-ақ өзге де нормалар және уәкілетті органның айқындауы бойынша лимиттер кіреді.";

3) 6-баптың 2-тармағында:

бірінші азатжолдағы "Бағалы қағаздар портфелін қалыптастыру үшін" деген сөздер "Бағалы қағаздарға және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де қаржы құралдарына инвестициялау үшін. Институциональдық инвесторларға:" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші азатжолдағы "мемлекеттік емес" деген сөздер "жинақтаушы" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 7-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Эмиссиялық бағалы қағаздар заң актілерінде белгіленген шектеулер ескеріле отырып құжаттандырылған немесе құжатсыздандырылған нысанда шығарылуы мүмкін.";

2 және 3 тармақтар алып тасталсын;

4-тармақтағы "эмиссия" деген сөз "шығарылым" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) 8-тармақ алып тасталсын;

6) 9-бапта:

3-тармақ мынадай мазмұнды бөлікпен толықтырылсын:

"Уәкілетті орган бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының ұйымдаспаған бағалы қағаздар рыногында бағалы қағаздармен мәмілелер жасауларына шектеу белгілеуге құқылы." ;

5-тармақтағы "ұйымдасқан бағалы қағаздар рыногында жұмыс істейтін ұйымдардың ережелерімен айқындалады." деген сөздер "ұйымдасқан бағалы қағаздар рыногында сауда-саттық ұйымдастырушылардың ережелерімен айқындалады." деген сөздермен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

7) 1 0 - б а п т а :

екінші-тоғызыншы азатжолдар 1)-8) тармақшалар болып саналсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымдарын мемлекеттік тіркеу, сондай-ақ олардың шығарылым, айналыс және өтеу шарттарын эмитенттердің сақтауына бақылауды жүзеге асыру;" ;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) заңға сәйкес сауда-саттық ұйымдастырушылардың және институциональдық инвесторлардың қызметін лицензиялау;" ;

б) тармақша "бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларының" деген сөздерден кейін ", сауда-саттық ұйымдастырушылардың" деген сөздермен толықтырылсын ;

8) 12-баптың атындағы "эмиссиясы" деген сөз "шығарылымы" деген сөзбен ауыстырылсын ;

9) 1 3 - б а п а л ы п т а с т а л с ы н ;

10) 14-баптың атындағы және мәтіндегі "эмиссия", "эмиссиясының" деген сөздер " шығарылым", "шығарылымының" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 1) 1 5 - б а п а л ы п т а с т а л с ы н ;

12) 16-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"16-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу

1. Жарияланған акциялар шығару туралы шешім акционерлік қоғам құрылтайшыларының жиналысында (акционерлердің жалпы жиналысында) қабылданады .

Акционерлік қоғам ол әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап бір айдан кешіктірмей құрылтайшылардың арасында орналастырылған акцияларды олардың төленгендігі расталатын құжаттарды қоса бере отырып жарияланған акциялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуге арналған құжаттарды уәкілетті органға ұсынуға міндетті.

Жарияланған акциялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу құрылтайшыларды акциялар ұстаушылардың тізілімдерін жүргізу жүйесінде акциялар ұстаушылар ретінде тіркеу үшін негіз болып табылады .

2. Эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуге:

1) ұсынылған құжаттарды қарау және оларды қолданылып жүрген заңдарға сәйкестілігін сараптау;

2) эмитенттің аудиторлық ұйым (аудитор) растаған қаржылық есебін қарау;

3) бағалы қағаздарға ұлттық біріздендіру нөмірін беру және Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылымы туралы және эмитент туралы мәліметтер енгізу;

4) эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәландыратын құжат беру кіреді.

3. Бағалы қағаздарға ұлттық біріздендіру нөмірлерін беру тәртібі бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарда белгіленеді.

4. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеудің ерекшелігі, сондай-ақ оларды шығару айналысы және өтеу тәртібі бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарда белгіленеді.

5. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін эмитент ұсынған құжаттарды уәкілетті орган эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге арналған құжаттар ұсынылған күннен бастап отыз күн ішінде қарайды.

Мемлекеттік тіркеу үшін қосымша құжаттар ұсынылған жағдайда құжаттарды қарау мерзімі жанарады.

6. Эмитенттің лауазымды тұлғасына эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін уәкілетті органға құжаттар ұсынбағаны немесе құжаттарда анық емес, нақты емес және толық емес мәліметтер ұсынғаны үшін заңда көзделген жауапкершілік жүктеледі.";

13) 17-бапта:

баптың атындағы "эмиссияларының" деген сөз алып тасталсын;

2-тармақтағы "эмиссиялары" деген сөз "шығарылымдары" деген сөзбен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "эмиссиялары туралы" деген сөз "шығарылымы туралы" деген сөзбен ауыстырылсын;

14) 13-бап алып тасталсын;

15) 19-бапта:

атындағы "эмиссиясын" деген сөз "шығарылымын" деген сөзбен ауыстырылсын;

1-тармақтағы "эмиссиясын" деген сөз "шығарылымын" деген сөзбен ауыстырылсын, "қаржы" деген сөз алып тасталсын;

3-тармақтағы "эмиссиясын" деген сөз "шығарылымын" деген сөзбен ауыстырылсын;

16) 20-бапта:

атындағы "эмиссиясын" деген сөз "орналастыруды" деген сөзбен ауыстырылсын;

1-тармақта:

1-тармақтың бірінші бөлігіндегі "эмиссиясын" деген сөз "орналастыруды" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші-бесінші азатжолдар 1)-4) тармақшалар болып саналсын;

1)-2) тармақшалардағы "эмиссиясын" деген сөздер "шығарылымын және орналастыруды" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "эмиссиясының" деген сөз "шығарылымын" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақта:

бірінші азатжолдағы "эмиссиясын" деген сөз "орналастыруды" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші-төртінші азатжолдар 1)-3) тармақшалар болып саналсын;

3-тармақтағы "эмиссиясын" деген сөз "орналастыруды" деген сөзбен ауыстырылсын;

4 және 5 тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Уәкілетті органның бағалы қағаздарды орналастыруды тоқтата тұру туралы шешімін алған сәттен бастап эмитент осы баптың 2-тармағының талаптарын сақтай отырып баспасөз басылымында бұл туралы хабар жариялауға және анықталған заң бұзушылықтарды уәкілетті орган белгілеген мерзімде жоюға міндетті.

Эмитенттің бағалы қағаздарын орналастыруды тоқтата тұру туралы шешімді уәкілетті орган эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізіліміндегі дербес шоттармен операцияларды тоқтата тұру мақсатында тіркеушіге жібереді. Тізілімде нақтылы ұстаушының дербес шоты бар болған кезде тіркеуші оны уәкілетті орган қабылдаған шешім туралы ескертуге

міндетті.

5. Эмитент бағалы қағаздарды орналастыруды тоқтата тұру үшін себеп болып табылған негіздерді жойғаннан кейін уәкілетті орган орналастыруға шектеулерді алып тастау туралы шешім қабылдағаннан кейін ғана бағалы қағаздарды одан кейін орналастыруға болады.";

6-тармақ алып тасталсын;

7-тармақтағы "эмиссиясын" деген сөз "орналастыруды" деген сөзбен ауыстырылсын;

17) 21-бапта:

аты мынадай редакцияда жазылсын:

"21-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын жарамсыз деп тану";

1-тармақта:

бірінші азатжолда:

"эмиссиясын" деген сөз "шығарылымын" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші-бесінші бөліктер 1)-4) тармақшалар болып саналсын;

1) және 2) тармақшаларда:

"эмиссиясын" деген сөз "шығарылымын" деген сөздермен ауыстырылсын;

"(тіркелген шығарылым шарттарына)" деген сөздер алып тасталсын;

3) тармақшада:

"шығарылымы және" деген сөздер алып тасталсын;

"эмиссиясына (тіркелген шығарылым шарттарына)" деген сөздер

"шығарылымына" деген сөзбен ауыстырылсын;

"осындай эмиссияның" деген сөздер "осындай шығарылымның" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақшадағы "эмиссиясын" деген сөз "орналастыруды" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын жарамсыз деп тану туралы шешімді уәкілетті орган эмитентке және осы эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімдерін жүргізу жүйесіндегі дербес шоттармен жасалған операцияларды тоқтата тұру мақсатында тіркеушіге жібереді.

Тізілімде нақтылы ұстаушының дербес шоты бар болған кезде тіркеуші оны уәкілетті орган қабылдаған шешім туралы ескертуге міндетті.

Эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын жарамсыз деп тану туралы мәлімет Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне уәкілетті орган белгілеген тәртіпте е н г і з і л е д і . " ;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Облигациялардың шығарылымы жарамсыз деп танылған жағдайда осы шығарылымның облигациялары эмитентке қайтарылуға жатады. Инвесторларға облигациялардың атаулы құнын өтеу қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүзеге а с ы р ы л а д ы . " ;

мынадай мазмұндағы 2-1 және 2-2 тармақтармен толықтырылсын:

"2-1. Акциялардың шығарылымы жарамсыз деп танылған жағдайда акционерлік қоғамның директорлар кеңесі уәкілетті органның акциялар шығарылымын жарамсыз деп тану туралы ескертпесін алған күннен бастап екі ай ішінде мынадай шешімдердің бірін қабылдау мақсатында акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға

және

өткізуге

міндетті:

- 1) акциялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы;
- 2) шаруашылық серіктестік (өндірістік кооператив) етіп қайта құру туралы;
- 3) акционерлік қоғамды тарату туралы.

Акционерлердің жалпы жиналысында акциялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы шешім қабылданғаннан кейін акционерлік қоғам акционерлердің жалпы жиналысының шешімі қабылданған күннен бастап бір айдан кешіктірмей мемлекеттік тіркеу үшін құжаттар ұсынуға міндетті.

2-2. Осы баптың 2-1-тармағының талаптарын сақтамаған жағдайда акционерлік қоғам уәкілетті органның талап-арызы бойынша сот тәртібімен таратылуға жатады.";

3 және 4 тармақтар алып тасталсын;

5-тармақтағы "эмиссиясын" деген сөз "шығарылымын" деген сөзбен ауыстырылсын ;

1 8) 2 2 - б а п т а :

аты "бағалы қағаздардың" деген сөздердің алдында "Эмиссиялық" деген сөзбен толықтырылсын ;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Эмитент орналастырылған эмиссиялық бағалы қағаздар туралы

мәліметті олардың шығарылымы мемлекеттік тіркелген күннен бастап отыз күн ішінде баспасөз басылымында жариялауға міндетті.

Мемлекеттік тіркелгенге дейін шығарылым туралы мәліметтер жариялауға тыйым салынады.";

2-тармақтағы "эмиссия (шығарылым шарттарына)" деген сөздер "шығарылым" деген сөзбен ауыстырылсын;

3-тармақта:

"орналастыру" деген сөзден кейін "және айналымы" деген сөздермен толықтырылсын;

"әлуетті инвесторлардың" деген сөздерден кейін "және бағалы қағаздар ұстаушылардың" деген сөздермен толықтырылсын;

"эмиссия (тіркелген шығарылым шарттарына)" деген сөздер "шығарылым" деген сөзбен ауыстырылсын;

4-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Әлуетті инвесторлардың және бағалы қағаздар ұстаушылардың мүддесін қозғайтын мәліметтер мыналар болып танылады:";

2) тармақшада:

"шығарылған (төленген)" деген сөздер "төленген" деген сөзбен ауыстырылсын;

"ашық" деген сөз алып тасталсын;

3) және 4) тармақшалардағы "ашық" деген сөз алып тасталсын;

10) тармақ "әлуетті инвесторлардың" деген сөздерден кейін "және

бағалы қағаздар ұстаушылардың" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақтағы "эмиссия (шығарылым шарттарына)" деген сөздер "шығарылым" деген сөзбен ауыстырылсын;

6-тармақта:

"эмиссия (шығарылым шарттарына)" деген сөздер "шығарылым" деген сөзбен ауыстырылсын;

"әлуетті инвесторлардың" деген сөздерден кейін "және бағалы қағаздар ұстаушылардың" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақтағы "эмиссия (шығарылым шарттарына)" деген сөздер "шығарылым" деген сөзбен ауыстырылсын;

19) 23-бапта:

1-тармақтағы "эмиссия" деген сөз "шығарылым" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақ алып тасталсын;

3-тармақтағы "Ашық қоғам" деген сөздер "Эмитент" деген сөзбен ауыстырылсын;

20) 24-бапта:

баптың аты мынадай редакцияда жазылсын:

"24-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есептер";

1-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Эмитент уәкілетті органға бағалы қағаздар толық орналастырылғанға дейін әрбір алты айдың қорытындысы бойынша (есепті жартыжылдықтың аяқталуы бойынша бір айдың ішінде) не олар толық орналастыру аяқталғаннан кейін бағалы қағаздарды орналастырудың қорытындылары туралы есеп, сондай-ақ уәкілетті орган белгіленген тәртіпте облигацияларды өтеу қорытындылары туралы есеп ұсынуға м і н д е т т і . " ;

екінші бөліктегі "Ашық халықтық" деген сөз "Халықтық" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

4-тармақтағы "акцияларды шығару және орналастыру" деген сөздер "эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру және өтеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

5 - т а р м а қ т а :

"шығару және" деген сөздер алып тасталсын;

"осы эмиссияны жарамсыз" деген сөздер "шығарылымды жарамсыз" деген сөздермен ауыстырылсын;

6 және 7 тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Егер эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есепті қарау кезінде ұсынылған мәліметтердің немесе эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылымын тіркеу үшін ұсынылған мәліметтердің анық еместігі анықталса, уәкілетті орган бағалы қағаздарды одан әрі орналастыруды және айналысын тоқтата тұру туралы шешім қабылдауға құқылы.

7. Бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту

үшін ұсынылған мәліметтердің анық еместігі анықталған жағдайда, уәкілетті орган есепті бекіту туралы ескертпе хабарламаны қайтарып алу туралы және эмиссиялық бағалы қағаздардың айналысын тоқтата тұру туралы шешім қабылдауға құқылы. ";

21) 24-1-бапта:

1-тармақта:

екінші-төртінші азатжолдары 1)-3) тармақшалар болып саналсын;

1) тармақшадағы "жарамсыз эмиссия" деген сөздер "жарамсыз шығарылым" деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 24-2-бапта:

1-тармақта:

екінші азатжол мынадай редакцияда жазылсын:

"Тексеріс жүргізу кезеңінде және тексерістің нәтижесі бойынша уәкілетті орган мыналарға құқылы:";

екінші-төртінші азатжолдар 1)-3) тармақшалар болып саналсын;

1) тармақша "эмитенттері" деген сөзден кейін ", сауда-саттық ұйымдастырушылар" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақшадағы "тізілімнің" деген сөздер "тізілімдегі" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақта:

екінші - төртінші азатжолдар 1)-3) тармақшалар болып саналсын;

3) тармақша "эмитенттің" деген сөзден кейін ", сауда-саттық ұйымдастырушының" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұнды 2-1 және 2-2 тармақтармен толықтырылсын:

"2-1. Тексеріс жүргізу процесінде эмитент, кәсіпқой қатысушы және сауда-саттық ұйымдастырушы уәкілетті органның тексеріс үшін қажетті құжаттарды ұсыну туралы талабын орындауға міндетті.

Қажет болған жағдайда уәкілетті орган тексеріс актісіне қоса тіркеу үшін қажетті құжаттардың көшірмелерін талап етуге құқылы.

Уәкілетті орган эмитенттен, кәсіпқой қатысушыдан және сауда-саттық ұйымдастырушыдан тексеріс жүргізу процесінде және тексеріс нәтижелері бойынша жазбаша түсінік беруді талап етуге құқылы.

2-2. Эмитенттің, сауда-саттық ұйымдастырушының және кәсіпқой қатысушының қолданылып жүрген заңды бұзғандығын куәландыратын тексеріс нәтижелері бойынша уәкілетті орган эмитенттің бағалы қағаздарының айналысын тоқтата тұру лицензияны қолдануды тоқтата тұру немесе кәсіпқой қатысушының және сауда-саттық ұйымдастырушының лицензиясын қайтарып алу туралы шешім қабылдауға құқылы.";

2 3) 2 5 - б а п т а :

1-тармақтың екінші-бесінші азатжолдары 1)-4) тармақшалар болып саналсын; мынадай мазмұнды 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметті акционерлік қоғам ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған ұйым жүзеге асыруға құқылы.

Бағалы қағаздар рыногындағы қызметін жүзеге асыруға лицензия алу үшін уәкілетті органға құжаттарын ұсынған ұйымның, бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушысының және сауда-саттық ұйымдастырушының жарғылық капиталын қалыптастыру тек қана ақшамен жүзеге асырылады.";

мынадай мазмұнды 4 және 5 тармақтармен толықтырылсын:

"4. Бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыру тәртібі заңдарда және өзін-өзі реттейтін ұйымдардың уәкілетті органмен келісілген ережелерінде белгіленеді.

5. Бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушысының өзін-өзі реттейтін ұйымның қызметіне қатысуы міндетті болып табылады.";

2 4) 2 6 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

"кәсіпқой қатысушы өз капиталының уәкілетті орган белгілеген ең төменгі деңгейінің" деген сөздер "уәкілетті орган белгілеген пруденциялық нормативтерді сақтау жөніндегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұнды сөйлеммен толықтырылсын:

"Пруденциялық нормативтердің құрамына бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушының жарғылық капиталының ең төменгі мөлшері, өз капиталының жеткіліктілік коэффициенті, сондай-ақ өзге де нормалар және уәкілетті органның айқындауы бойынша лимиттер кіреді.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Уәкілетті орган осы заңда және өзге заң актілерінде белгіленген тәртіпте лицензия беруден бас тартуға, лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға немесе лицензияны қайтарып алуға құқылы.";

мынадай мазмұнды 3-1, 3-2 тармақтармен толықтырылсын:

"3-1. Уәкілетті орган:

- 1) лицензия алу немесе лицензиаттың қызметі туралы есепті қарау үшін ұсынылған құжаттардың мазмұнында анық емес немесе нақты емес ақпарат анықталған;
- 2) лицензия алу үшін ұсынылған құжаттардағы өзгерістер туралы ақпарат берілмеген;
- 3) лицензиат уәкілетті орган белгілеген пруденциялық нормативтерді сақтамаған;
- 4) лицензиат бағалы қағаздармен операциялар жасау тәртібін белгілейтін ережелермен стандарттарды орындамаған немесе бұзған;
- 5) лицензиат өзінің қызметі туралы есепті ұсыну тәртібін сақтамаған;
- 6) өзін-өзі реттейтін ұйымға мүше болмаған, сондай-ақ лицензиат

өзін-өзі реттейтін ұйымнан шыққан немесе оны шығарған;

7) лицензиат бағалы қағаздар рыногындағы қызметті реттейтін заңдарды бұзған;

8) лицензиат лицензиялық талаптарды бұзған;

9) лицензиат уәкілетті органның ұйғарымын орындамаған жағдайларда лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға құқылы.

3-2. Уәкілетті орган лицензияны тоқтата тұру себептері жойылмаған жағдайларда немесе заңда белгіленген өзге де негіздер бойынша лицензияны қайтарып алуға құқылы.";

25) 27-бапта:

3-тармақтағы "шығарылған" деген сөз "орналастырылған" деген сөзбен ауыстырылсын;

4-тармақта:

екінші - төртінші азатжолдар 1)-3) тармақшалар болып саналсын;

1) тармақшадағы "басқару" деген алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) осы тармақтың 1)-3) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардың аффилиирленген тұлғалары.";

26) 28-бапта:

1-тармақта:

екінші-тоғызыншы бөліктер 1) - 8) тармақшалар болып саналсын;

8) тармақшадағы "мемлекеттік емес" деген сөздер "жинақтаушы" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) трансфер-агент қызметі.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызмет және қаржы құралдарымен сауда жасауды ұйымдастыру жөніндегі қызмет, қаржы рыногындағы қызметті қоспағанда және заңда белгіленген өзге де жағдайларда, кәсіпкерлік қызметтің өзге түрлерімен қоса атқарылмайды." ;

27) 31-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"31-бап. Бағалы қағаздар портфелін басқару және жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызмет

1. Бағалы қағаздар портфелін басқару және жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызмет - бағалы қағаздар және зейнетақы жинақтары портфелінің меншік иесінің жекелеген өкілеттіктерін жүзеге асыру жөніндегі қызмет.

2. Бағалы қағаздар портфелін басқару және жинақтаушы зейнетақы

қорларының зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру тәртібі, басқарушының құқықтары мен міндеттері заңдарда айқындалады.";

28) 32-баптың 2-тармағындағы "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі келісім бойынша" деген сөздер алып тасталсын;

29) 34-бапта:

1-тармақтағы "иесін" деген сөздер "ұстаушысын" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақта:

"иелерінің" деген сөз "ұстаушылардың" деген сөзбен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін жүргізуді эмитентпен жасасқан шартқа сәйкес тіркеуші жүзеге асырады.";

5-тармақ алып тасталсын;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Бағалы қағаздар ұстаушы туралы деректер бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарда белгіленген тәртіпте дербес шоттардың тізіліміне енгізілуге жатады.";

8-баптың бірінші және екінші бөліктеріндегі "тізілімнен" деген сөз "дербес шоттан" деген сөздермен ауыстырылсын;

9 және 10 тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін жүргізудің тәртібін, дербес шоттардан берілетін үзінді-көшірмелердің нысандарын, бағалы қағаздар бойынша құқықтарға қатысты бұйрықтардың нысандарын және оларда көрсетілетін мәліметтердің тізбесін уәкілетті орган белгілейді.

10. Бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі шарттың күші тоқтатылған жағдайда барлық деректерді және шарттың күші тоқтатылған күнге жасалған бағалы қағаздар тізілімін жүргізу жүйесін құрайтын құжаттарды басқа тіркеушіге өткізіп беру бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарда белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

Шарттың күші тоқтатылған күннен кейін тізілімінің барлық дербес шоттарынан тіркеуші берген үзінді-көшірмелер жарамсыз болады. Шарттың күші тоқтатылған күннен кейін бағалы қағаздар ұстаушылардың бұйрықтарын орындауға қабылдауға тіркеуші құқылы емес."

30) 35 - бапта :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Кастодиандық қызмет - банктердің бағалы қағаздар бойынша құқықтарды белгілеуді және есепке алуды, құжаттандырылған бағалы қағаздарды сақтау және клиенттердің ақшаларын есепке алу жөнінде бағалы қағаздар рыногында атқаратын қызметі."

4-тармақтағы "және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен" деген сөздер алып тасталсын;

31) мынадай мазмұнды 35-1-баппен толықтырылсын:

"35-1-бап. Трансфер-агент қызметі

Трансфер-агент қызметі - бағалы қағаздар рыногында азаматтық-құқықтық мәмілелерді жүзеге асыру процесінде ақпарат (құжаттар) қабылдау және өткізіп беру жөніндегі қызмет.

Лицензиялар беру және қызметтің осы түрін жүзеге асыру тәртібі заңдарда белгіленеді."

32) 36-бапта:

аты мынадай редакцияда жазылсын:

"36-бап. Бағалы қағаздар бланкілерін шығару";

4-тармақ алып тасталсын;

5-тармақтағы "және оларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге" деген сөздер алып тасталсын;

33) 37-баптың 1-тармағындағы "жабық" деген сөз алып тасталсын;

34) 38-баптың екінші-сегізінші азатжолдары 1)-7) тармақшалар болып саналсын;

35) 42-баптың екінші-алтыншы азатжолдары 1)-5) тармақшалар болып саналсын;

36) 43-баптың екінші-төртінші азатжолдары 1)-3) тармақшалар болып саналсын;

37) 44-баптың 3-тармағының екінші-он екінші азатжолдары 1)-11) тармақшалар болып саналсын;

38) 46-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бағалы қағаздары қор биржасындағы листингтің рәсімінен өткен эмитенттердің өз қызметі туралы ақпаратты ашу жөніндегі міндеті, сондай-ақ осындай ақпаратты беру тәртібі мен мерзімі қор биржасының уәкілетті органмен келісілген ережелерінде белгіленеді.

Бағалы қағаздары қор биржасындағы листингтің рәсімінен өткен эмитенттер қор биржасына:

- 1) жылдың және ағымдағы тоқсанның қорытындысы бойынша қаржылық есепті;
- 2) бағалы қағаздардың алдағы болатын шығарылымдары туралы ақпаратты;
- 3) эмитенттің орналастырылған акцияларды сатып алуы туралы ақпаратты;
- 4) акционерлердің жалпы жиналыстары хаттамаларының көшірмелерін;
- 5) алдағы болатын дивиденд төлеу туралы ақпаратты;
- 6) осы Заңның 22-бабының 4-тармағында көрсетілген ақпаратты ұсынуға міндетті."

2-тармақтағы "қор биржасындағы айналысқа жіберілгендердің қатарынан" деген сөздер "қор биржасы бағалы қағаздарының тізімі" деген сөздермен ауыстырылсын;

39) 49-баптың 1-тармағының екінші-төртінші азатжолдары 1)-3) тармақшалар болып саналсын;

40) 50-баптың 1-тармағындағы "жабық" деген сөз алып тасталсын;

41) 57-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Бағалы қағаздар рыногының белгілі бір қызмет түрін жүзеге асыратын кәсіпқой қатысушысы тек бір ғана өзін-өзі реттейтін ұйымын құруға құқылы.";

2-тармағында:

екінші-төртінші азатжолдар 1)-3) тармақшалар болып саналсын;

2) тармақшадағы "бағалы қағаздар иеленушілер мен" деген сөздер алып тасталсын;

42) 58-баптың 2-тармағының екінші-он үшінші азатжолдары 1)-12) тармақшалар болып саналсын.

8. "Қазақстан Республикасында бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу туралы" 1997 жылғы 05 наурыздағы Қазақстан Республикасының

Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Ведомостары, 1997 ж. N 5, 53-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 17-18, 224-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 15-16, 238-құжат):

1) 2-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөліктегі "эмитент немесе" деген сөздер алып тасталсын;
екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Бағалы қағаздарға құқықтардың бір тұлғадан басқасына өтуіне байланысты бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерді тіркеу клиенттердің шоттары бойынша нақтылы ұстаушының немесе бағалы қағаздар ұстаушылардың тізіліміндегі дербес шоттар бойынша тіркеушінің жазбалар енгізулері арқылы мәміленің жасалу фактісін б е к і т у і . " ;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бағалы қағаздарға құқықтар мәміле тіркелген сәттен бастап туындайды";

2) 3 - б а п т а :

1 және 2 тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бағалы қағаздарды нақтылы ұстау - нақтылы ұстаушы мен оның клиентінің арасында жасасқан бағалы қағаздарды нақтылы ұстау туралы шарттың негізінде және бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарда белгіленген, оларға сәйкес нақтылы ұстаушы оған иеленуге, пайдалануға және жұмсауға өткізіп берілген бағалы қағаздарды өзінің атынан бағалы қағаздарды сенімгерлікпен басқарудың құрылтайшының немесе мүддесінде басқару жүзеге асырылатын өзге де тұлғаның мүддесінде басқаруға міндеттенетін өзге де

негіздер бойынша туындаған қатынастар.

Бағалы қағаздарды нақтылы ұстау шартына тиісінше азаматтық заңдарда белгіленген мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты туралы қағидалар қолданылады.

2. Нақтылы ұстаушының бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу тәртібі осы заңда және бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарда белгіленеді.";

5-тармақ алып тасталсын;

3) 4-бапта:

1-тармақтың а)-в) тармақшалары 1)-3) тармақшалар болып саналсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Бағалы қағаздарға құқықтарды нақтылы ұстаушының растауы бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарда белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.";

4) 5-бапта:

мынадай мазмұндағы 1) тармақшамен толықтырылсын:

"1) әрбір клиентке шот ашу арқылы клиенттердің бағалы қағаздарына және ақшаларына есеп жүргізу;"

а)-е) тармақшалары 2)-7) тармақшалар болып саналсын;

5) мынадай мазмұндағы 5-1-баппен толықтырылсын:

"5-1-бап. Нақтылы ұстау туралы шарт

1. Бағалы қағаздарды нақтылы ұстау туралы шарт жасасар алдында нақтылы ұстаушы клиентті оның нақтылы ұстаушы ретіндегі қызметін орындау шартымен таныстыруға міндетті.

2. Нақтылы ұстау туралы шартта:

1) шарттың мән-мағынасы;

2) нақтылы ұстаушының клиенттің шоттары туралы коммерциялық құпияны сақтау жөніндегі міндеттемесін қоса отырып, тараптардың құқықтары мен міндеттері;

3) нақтылы ұстаушының қызметіне ақы төлеу мөлшері және тәртібі;

4) нақтылы ұстаушының клиент алдындағы есеп беруінің нысаны және кезеңділігі;

5) шарттың талаптарын бұзғандық үшін тараптардың жауапкершіліктері;

б) бағалы қағаздар бойынша табыстар алу және оларды клиенттің (пайда табушының) шотына есепке алу шарттары және тәртібі болу керек.

Жоғарыда аталған ережелермен қатар шартта Қазақстан Республикасының

заңдарына қайшы келмейтін басқа да талаптар болады.";

б) 7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Тіркеуші

1. Эмитенттердің бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызмет бағалы қағаздар рыногындағы айрықша қызмет түрі болып табылады және заң актілерінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметтің өзге түрлерімен қоса атқарылмайды.

2. Уәкілетті орган тіркеушінің эмитентке және бағалы қағаздар ұстаушыларына көрсеткен қызметіне ақы төлеудің ең жоғары мөлшерін, тәртібін және принциптерін белгілеуге құқылы.";

7) 8-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөліктегі ", нақтылы құнын" деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөлікте:

"эмиссиясы" деген сөз "шығарылымы" деген сөзбен ауыстырылсын;

"бағалы қағаздардың тіркелген ұстаушылары" деген сөздердің алдында

"белгілі бір күнге" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақта:

"эмиссиясы" деген сөз "шығарылымы" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 9-баптың 1-тармағында:

а)-ж) тармақшалары 1)-7) тармақшалар болып саналсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) айналыстағы бағалы қағаздар көлемінің шығарылымның тіркелген

өлшемдеріне сәйкес келуіне бақылауды жүзеге асыру;"

9) 10-бапта:

3-тармақтағы "Уәкілетті орган белгіленген тәртіпке сәйкес" деген сөздер "Эмитент" деген сөзбен ауыстырылсын;

5-тармақ "және бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарға сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін жүргізуге шарттың күші тіркеушінің лицензиясын қайтарып алған жағдайда және шартта және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де жағдайларда тоқтатылады.

Бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін жүргізуге шарттың күшін тоқтату тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.";

10) 11-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Тіркеуші лицензия алу үшін ұсынған құжаттарына енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулар жөнінде уәкілетті органды жазбаша хабардар етуге міндетті.";

11) 13-бапта:

а)-д) тармақшалары 1)-5) тармақшалар болып саналсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) клиенттердің бағалы қағаздары бойынша құқықтарды белгілеу және есеп жүргізуді, құжаттандырылған бағалы қағаздарды сақтауды және ақшаларына есеп жүргізуді қамтамасыз ету;"

12) 14-бапта:

1-тармақтағы "ақша қаражаты", "ақша қаражатын" деген сөздер "ақшасы", "ақшасын" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы а)-з) тармақшалары 1)-8) тармақшалары болып саналсын;

13) 15-бапта:

1-тармақ алып тасталсын;

2-тармақта:

екінші бөліктегі "және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" деген сөздер алып тасталсын;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Кастодиан лицензия алу үшін ұсынған құжаттарына енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулар жөнінде уәкілетті органды жазбаша хабардар етуге міндетті.";

14) 18-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Брокер - дилер лицензия алу үшін ұсынған құжаттарына енгізілген

барлық өзгерістер мен толықтырулар жөнінде уәкілетті органды жазбаша хабардар етуге міндетті.";

15) 19-бапта:

1-тармақтың екінші сөйлеміндегі "қатысушылары" деген сөз "акционерлері" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Кастодиандар, нақтылы ұстаушылар болып табылатын брокер-дилерлер, сондай-ақ бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметін жүзеге асыратын шетелдік ұйымдар депозитарийдің депоненттері болып табылады.";

16) 20-бапта:

бірінші бөліктің а)-и) тармақшалары 1)-9) тармақшалар болып саналсын;

екінші бөліктегі "Ашық халықтық" деген сөздер алып тасталсын;

17) 22-бап алып тасталсын;

18) 23-бапта:

1-тармақтың а)-г) тармақшалары 1)-4) тармақшалар болып саналсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Депозитарий материалдық өндірістік саладағы қызметті жүзеге асыруға, жылжымайтын және жылжымалы мүлікті (мемлекеттік бағалы қағаздарды қоспағанда) сатып алу-сату мәмілелерін жасауға, сондай-ақ заңды тұлғалардың (бағалы қағаздар рыногында клирингтік қызметті жүзеге асыратын ұйымдарды қоспағанда) жарғылық капиталына қатысуға құқылы емес.";

19) 24-баптың 3-тармағының а)-и) тармақшалары 1)-9) тармақшалар болып

саналсын;

20) 25-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөлік мынадай мазмұндағы азатжолмен толықтырылсын:

"Бағалы қағаздарды кепілдікке салуға қатысты мәмілелерді тіркеуді тараптардың осы мәмілені тіркеу үшін барлық қажетті мәліметтер бар бұйрықтарының негізінде тіркеуші және (немесе) нақтылы ұстаушы жүзеге асырады. Ұйымдаспаған бағалы қағаздар рыногында біржақты мәміле жасалған жағдайда мәмілені тіркеу сатып алушының бағалы қағаздарға қатысты құқығы расталатын құжаттар ұсыныла отырып оның бұйрығының негізінде жүзеге асырылады.";

екінші бөліктегі "немесе бұйрықты қабылдау мен тіркеуге уәкілетті

тұлға" деген сөздер "бағалы қағаздар рыногы туралы заңда белгіленген тәртіпте" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "бағалы қағаздар рыногына қатысушылар уәкілетті органмен келісе отырып" деген сөздер алып тасталсын.

21) 26-баптың 2-тармағында:

бірінші бөліктегі "тізілім/шот" деген сөздер "бағалы қағаздар ұстаушының бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімдерін жүргізу жүйесіндегі дербес шотының немесе нақтылы ұстаушының клиенті шотының" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "тізілім/шот" деген сөздер алып тасталсын.

9. "Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қорлар туралы" 1997 жылғы 6 наурыздағы Қазақстан Республикасының

Z970082_

Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Ведомостары, 1997 ж., N 5, 57-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 17-18, 224-құжат):

1) 1-бапта:

1-тармақтағы "ашық" деген сөз алып тасталсын;

2-тармақтың екінші бөлігіндегі "Ашық акционерлік" деген сөздер "Акционерлік" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 3-баптың 1-тармағындағы "ашық" деген сөз алып тасталсын;

3) 10-бапта:

1-тармақтағы "эмиссиясын" деген сөз "шығарылымның" деген сөзбен

ауыстырылсын;

3-тармақтағы "эмиссиясын" деген сөз алып тасталсын;

4) 12-баптың атындағы және бірінші азатжолындағы "эмиссиясын" деген сөз "шығарылымын" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) 20-баптың 2-тармағындағы "эмиссиялары" деген сөз "шығарылымы" деген сөзбен ауыстырылсын.

10. "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Z970136_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Ведомостары, 1997 ж., N 12, 186-құжат; 1998 ж., N 24, 437-құжат; 1999 ж., N 8, 237-құжат; N 23, 925-құжат; 2001 ж., N 17-18, 245-құжат);

1) 1-баптың екінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

"кастодиан-банктің, жинақтаушы зейнетақы қорының, зейнетақы

активтерін басқару жөніндегі компаниялардың аффилиирленген тұлғасы - шешімді тікелей және (немесе) жанама айқындауға және (немесе) аталған ұйымдардың қабылдаған шешіміне, оның ішінде ауызша шартты қоса отырып, шарттың немесе өзге де мәміленің күшіне әсер етуге мүмкіндігі бар тұлға (өзіне берілген өкілеттік шегінде осы тұлғаның қызметін бақылауды жүзеге асыратын немесе оның қызметін реттейтін мемлекеттік органдарды қоспағанда), сондай-ақ оған қатысты аталған ұйымдардың осындай құқығы бар кез келген тұлға;"

2) 32-баптың 1-тармағындағы "жабық" деген сөз алып тасталсын;

3) 34-баптағы "жабық" деген сөз алып тасталсын;

4) 52-баптың 1-тармағындағы "жабық" деген сөз алып тасталсын.

11. "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершіліктері бар шаруашылық серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі

Z980220_

Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Ведомостары, 1998 ж., N 5-6, 49-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат):

1) 8-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

2) 9-бап алып тасталсын;

3) 26-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы алып тасталсын;

4) 69-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасы алып тасталсын;

2-тармақ алып тасталсын.

12. "Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 20 қарашадағы

Z980304_

Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Ведомостары, 1998 ж., N 22, 309-құжат; 2000 ж., N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 5-құжат; N 8, 52-құжат):

1) 4-баптың 2-тармағы екінші бөлігінің сегізінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

"халықтық акционерлік қоғамдар";

2) 6-баптың 1-тармағында:

бірінші бөлігіндегі "ашық үлгідегі акционерлік қоғамды" деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөлігіндегі "жабық үлгідегі" деген сөздер алып тасталсын.

13. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі Азаматтық K990409_ кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Ведомостары, 1999 ж., N 16-17, 642-құжат; N 23, 929-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2000 ж., N 10, 244-құжат; 2000 ж., N 22, 408-құжат):

1) 886-баптың 1-тармағы мынадай мазмұнды азатжолмен толықтырылсын:

"Егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше белгіленбесе, мүлікті сенімгерлікпен басқару шартының қолданылу кезеңінде сенімгер басқарушы сенімгерлікпен басқарылудағы мүлікке қатысты қандай да болмасын іс-әрекеттерді жүзеге асыруға қ ұ қ ы л ы е м е с . " ;

2) 8 9 2 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Эмиссиялық бағалы қағаздарды сенімгер басқарушы туралы мәліметтер сенімгер басқарушы құрылтайшысының бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушы заңда белгіленген тәртіпте ашқан шот бойынша көрсетілуге жатады.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Бағалы қағаздарды сенімгерлікпен басқарудың ерекшелігі заңдармен белгіленеді.";

3) 1040-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) енгізілуі салымшының талап етуі бойынша үшінші тұлғаның атына

ресімделген құжатпен куәландырылған салымды не салымшы қайтыс болған жағдайда салымды белгілі бір тұлғаға беру жөнінде салымшының нұсқауы бар салымды алуға құқық;".

14. "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы

Z000126_

Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Ведомостары, 2000 ж., N 22, 406-құжат):

1) 22-бапта:

2-тармақтың екінші сөйлемі алып тасталсын;

3-тармақ алып тасталсын;

2) 25-баптың 6-тармағындағы "эмиссиясын" деген сөз шығарылымын" деген сөзбен ауыстырылсын.

15. "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қаңтардағы Z010142_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Ведомостары, 2001 ж., N 1, 8-құжат):

28-баптың 4-тармағындағы "атаулы құнының" деген сөз "санының" деген сөзбен ауыстырылсын.

16. "Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы" 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының K010155_ кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Ведомостары, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат):

1) 191 - бапта:

аты мынадай редакцияда жазылсын:

"191-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге арналған құжаттарды ұсыну мерзімін бұзу" бірінші азатжол мынадай редакцияда жазылсын:

"Эмитенттің Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге арналған құжаттарды ұсыну мерзімін бұзу - " ;

2) 193-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бағалы қағаздар рыногы субъектісінің уәкілетті органға эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге, эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекітуге, бағалы қағаздар рыногындағы қызметін жүзеге асыруға лицензия (рұқсат) алуға арналған құжаттарды, өзінің қызметі туралы есепті ұсынбауы не нақты емес мәліметтер ұсынуы, сондай-ақ уәкілетті

органның ұйғарымын орындамауы -";

3) 196-баптың бірінші азатжолындағы "эмитент немесе" деген сөздер алып тасталсын;

4) 197-баптың атындағы және мәтініндегі "шығарылым және" деген сөздер алып тасталсын.

17. "Қазақстанның даму банкі туралы" Қазақстан Республикасының 2001

жылғы 25 сәуірдегі

Z010178_

Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Ведомостары, 2001 ж., N 9, 85-құжат):

1-баптағы "жабық" деген сөз алып тасталсын.

18. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Заңына "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"

K010209_

кодексіне (Салық кодексіне) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Ведомостары, 2001 ж., N 11-12, 168-құжат):

1) 29-баптың 7-тармағы "жағдайларды" деген сөздерден кейін, сондай-ақ салық төлеуші (акционерлік қоғам) шығарған акцияларды мемлекет меншігіне өткізіп беру арқылы салық міндеттемесін орындау жағдайын" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 49-бапта:

мынадай мазмұнды 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"салық төлеушінің (акционерлік қоғамның) акциялары есебінен";

5) тармақша алып тасталсын;

3) мынадай мазмұнды 52-1-баппен толықтырылсын:

"52-1-бап. Салық берешегін салық төлеушінің (акционерлік қоғамның) акцияларымен өтеу

Салық төлеуші (акционерлік қоғам) салық берешегі сомаларын өтемеген жағдайда, салық органдары салық берешегін салық төлеуші (акционерлік қоғам) шығарған (шығаратын) акциялардың есебінен мәжбүрлеп өтеу туралы талап арызбен сотқа жүгінуге құқылы." ;

- 4) 55-бап алып тасталсын;
- 5) 91-баптың 1-тармағының 2) тармақшасындағы "атаулы құны" деген сөздер "орналастыру бағасы" деген сөздермен ауыстырылсын;
- 6) 93-баптың 2-тармағындағы ", тексеру комиссиясының" деген сөздер алып тасталсын.

2-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.
2. Шаруашылық серіктестік ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушылары осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап екі жыл ішінде акционерлік қоғамдар болып қайта құрылуға міндетті.
3. Өзін-өзі реттейтін ұйымның қызметіне қатыспайтын бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушылары осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап үш ай ішінде өзін-өзі реттейтін ұйымға оның мүшесі болып кіру үшін өтініш беруге міндетті.

Қазақстан Республикасының
Президенті